

**Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің
Мемлекеттік аудит және тәуекелдер жөніндегі
кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

№9

2023 жылғы 27 қыркүйек

Төрағалық етуші: Сот әкімшілігінің басшысы
Н.Р.Ахметзакиров

Қатысқандар: тізім бойынша

**2023 жылғы 29 мамырдағы №3 ішкі аудит
нәтижелері бойынша Сот әкімшілігі Қызылорда облысы
бойынша департаментінің бюджетке ақша қаражаттарын
өтеу мәселелері туралы**

(Ахметзакиров, Мыңжасаров, Әбжаппаров, Сүлеймен)

1. Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің төрағасы Е.Т.Мыңжасаровтың, СӘ Ішкі аудит бөлімінің меңгерушісі А.Ә.Әбжаппаровтың, СА Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы С.Б.Сүлейменнің баяндамалары назарға алынсын.

2. Сот әкімшілігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2023 жылғы 29 мамырдағы №3 ішкі аудит нәтижелерінің қорытындысына қарсылығы қарастырылып, Кеңес дауыс беру жолымен (5 дауыс – «ҚОЛДАДЫ»: Н.Р.Ахметзакиров, Н.Т.Байтілесов, Е.Т.Мыңжасаров, Д.Е.Асаинова, Т.Т.Шонаев, 1 дауыс – «ҚАРСЫЛЫҚ БІЛДІРДІ»: А.Ә.Әбжаппаров) шешім қабылдады:

СӘ Қызылорда облысы бойынша департаментіне:

2.1. Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккендер ретінде штаттан тыс қызметкерлерге есептелген және төленген қосымша ақы суммалары бюджетке өтелсін;

2.2. Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккендер ретінде судьялар мен мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге есептелген және төленген қосымша ақы соммалар өзгеріссіз қалдырылсын.

Осы хаттаманың орындалуын бақылау **Сот әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Н.Т.Байтілесовке** және **СӘ басшысының хатшылығына** жүктелсін.

**Сот әкімшілігінің
басшысы**

Н. Ахметзакиров